

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2014 жылғы 18 желтоқсандағы № 330 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2015 жылы 16 қаңтарда № 10091 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 9 маусымдағы № 213 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 09.06.2023 № 213 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 9-2) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны ресми бұқаралық ақпарат құралдарына және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі С.Қ. Жақыповаға жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енеді және ресми жариялауға жатады.

Министр

Т. Дүйсенова

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау және
әлеуметтік даму министрінің
2014 жылғы 18 желтоқсандағы
№ 330 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айрылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидалары

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ескерту. Қағида жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 12.01.2016 № 11 (01.03.2016 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

Ескерту. 1-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.08.2019 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заң) 7-бабы 9-2) тармақшасына сәйкес әзірленді және Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір

жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, "бір терезе" қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға;

2) бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры – зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдері жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлға;

3) бюджеттік субсидиялардың мөлшерін белгілеу жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – орталық атқарушы орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері;

4) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры (бұдан әрі – Қор) – асыраушысынан айырылған жағдайда отбасы мүшелерін – асырауындағыларды қоса алғанда, өздеріне әлеуметтік аударымдар жүргізілген және өздеріне қатысты әлеуметтік қатер жағдайы басталған міндетті әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысушыларға әлеуметтік аударымдарды шоғырландыруды, әлеуметтік төлемдер тағайындауды және жүзеге асыруды жүргізетін заңды тұлға;

5) міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау – Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңмен қосымша белгіленген бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын Қордан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларды мемлекеттік қолдау нысаны;

6) міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агент (бұдан әрі – агент) – Қазақстан Республикасында қызметін тұрақты мекемесі арқылы жүзеге асыратын

шетелдік заңды тұлғаны, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалардың филиалдарын, өкілдіктерін қоса алғанда, бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын есептейтін, ұстап қалатын (есебіне жазатын) және аударатын жеке немесе заңды тұлға;

7) орталықтандырылған дерекқор (бұдан әрі – ОДҚ) – әлеуметтік төлемдерді алушылардың орталықтандырылған дерекқоры;

8) орталық атқарушы орган – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шекте салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

9) электрондық-цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нышандар жиынтығы.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.08.2019 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Бюджеттік субсидиялардың мөлшерін электрондық белгілеу кезіндегі уәкілетті орган мен Мемлекеттік корпорацияның өзара іс-қимылы "Электрондық құжат және электрондық цифрлық қолтаңба туралы" 2003 жылғы 7 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

2-тарау. Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидияларының мөлшерін белгілеу тәртібі

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.08.2019 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау Қордан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушылардың пайдасына ай сайын бюджет қаражаттары есебінен жүзеге асырылады.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

5. Бірінші және екінші топтардағы мүгедектігі бар, Қордан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушыға, егер мүгедектік мерзімсіз белгіленген

болса, бюджет қаражаты есебінен міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамаға сәйкес әлеуметтік төлем сомасынан міндетті зейнетақы жарналарын ұстауға оның келісімі болған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Міндетті зейнетақы жарналарының ай сайынғы бюджеттік субсидиясының мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық табыс мөлшерінен есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомасы мен Қордан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнен ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарының сомасы арасындағы айырма ретінде мынадай формула бойынша айқындалады:

$$\text{СУБ} = \text{ОАТ} * 10 \% / 100 \% - \text{БКэт} * 10 \% / 100 \%, \text{ мұндағы:}$$

СУБ - міндетті зейнетақы жарналарының ай сайынғы бюджеттік субсидиясының мөлшері;

ОАТ - бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушының әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген табысының орташа айлық мөлшері. ОАТ "Міндетті әлеуметтік сақтандыру туралы" 2019 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 24-бабына сәйкес айқындалады. Әлеуметтік аударымдарды есептеу Заңның 15-бабына сәйкес жүргізіледі.

БКэт – Заңның 24-бабына сәйкес айқындалатын Қордан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін ай сайынғы әлеуметтік төлемнің мөлшері.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 02.04.2020 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің өзгеруіне байланысты бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің мөлшерін қайта есептеген жағдайда ай сайынғы бюджеттік субсидияның мөлшері қайта есептеуге жатады және осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес айқындалады.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Егер бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерден ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық табыстың он пайызынан асатын болса , міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау жүргізілмейді.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-тарау. Міндетті зейнетақы жарналарын бюджеттік субсидиялауды жүзеге асыру тәртібі

Ескерту. 3-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.08.2019 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау баланың туу туралы куәлігінде көрсетілген баланың туған күнінен бастап, ал баланы (балаларды) асырап алған және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған бір жарым жасқа дейінгі балаға қамқоршылық тағайындалған жағдайларда – баланы (балаларды) асырап алу туралы сот шешімі заңды күшіне енген күнінен бастап немесе қорғаншы тағайындалған күнінен бастап бала бір жарым жасқа толған күнді қоса алған күнге дейін не қамқоршы (асырап алушы) зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамада көзделген зейнеткерлік жасқа жеткенге дейін жүргізіледі.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Міндетті зейнетақы жарналарының ай сайынғы бюджеттік субсидиясын белгілеу кезеңін келесі туылған, жаңа туған баланы (балаларды) асырап алған жағдайда, бюджет қаражаты есебінен міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау алдыңғы бала бір жарым жасқа толған күннен кейінгі күннен бастап , ал осы Қағидалардың 20-тармағына сәйкес тоқтатылған жағдайда бала қайтыс болған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап немесе алдыңғы баланың күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыға міндетті зейнетақы жарналарын аудару тоқтатылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап жүргізіледі және белгіленеді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі Қордан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындау туралы шешім Қор филиалынан келіп түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде міндетті зейнетақы жарналарының ай сайынғы бюджеттік субсидиясының мөлшерін есептейді, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешімнің электрондық жобасы бар істің электрондық макетін қалыптастырады және оларды Мемлекеттік корпорацияның филиалына жібереді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Мемлекеттік корпорацияның филиалы міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешімнің электрондық жобасы бар істің электрондық макетін олар түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде қарайды, есептің және міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешімнің электрондық жобасы бар істің электрондық макетінің ресімделу дұрыстығын тексереді, содан кейін оларды уәкілетті органға жібереді.

13. Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешімнің электрондық жобасы Мемлекеттік корпорацияның жауапты адамдарының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған электрондық-цифрлық нысандағы құжатты білдіреді.

14. Уәкілетті орган міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешімнің электрондық жобасы бар істің электрондық макетін олар түскен күннен бастап төрт жұмыс күні ішінде қарайды және міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

15. Мемлекеттік корпорацияның мамандары жіберген қателер анықталған жағдайда уәкілетті орган міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешімнің электрондық жобасы бар істің электрондық макетін қателерді жою үшін қайтару себебін көрсете отырып, Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне қайта ресімдеуге қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы электрондық шешім жобасы бар істің электрондық макеті келіп түскен күннен бастап екі жұмыс күні ішінде анықталған қателерді жояды, міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы электрондық шешім жобасы бар істің электрондық макетін қайта қалыптастырады және Мемлекеттік корпорацияның филиалы арқылы уәкілетті органға жібереді.

16. Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешім басқарма (бөлімше) маманының, басшысының және уәкілетті орган басшысының ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған электрондық-цифрлық нысандағы құжатты білдіреді. Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы шешімнің нөмірі мен күні автоматты режимде беріледі.

Істердің электрондық макеттері орталық атқарушы органның ақпараттық жүйесінде тұрақты сақталады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.08.2019 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшері белгіленген (белгілеуден бас тартылған, аударуды тоқтата тұрған) жағдайда Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі осы Қағидаларға 2 – 4-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша белгілеу (белгілеуден бас тарту, аударуды тоқтата тұру) туралы хабарламаны осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хабарламалар журналына тіркей отырып, оны өзі жүгінген кезде береді немесе өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабар жіберу арқылы өтініш берушіні хабардар етеді. Sms-хабарлар осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша sms-хабарлар журналында тіркеледі.

18. Қосымша белгіленген міндетті зейнетақы жарналарын бюджет қаражаты есебінен субсидиялау осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімінің негізінде:

1) агенттің 10 пайыз міндетті зейнетақы жарналарын аудару фактісі анықталғанда;

2) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушылардың Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерге тұрақты тұруға кету фактісі анықталғанда;

3) қайтыс болуы туралы мәліметтер (не азаматтық хал актілерінің жазбаларынан қайтыс болғаны туралы мәліметтерді қамтитын анықтамалар немесе "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы алынған қайтыс болғаны туралы хабарлама), Қордан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушы туралы соттың заңды күшіне енген адамды хабар-ошарсыз кетті деп тану туралы немесе қайтыс болды деп жариялау туралы шешімдері келіп түскенде;

4) босатылған және шеттетілген қамқоршылар (қорғаншылар), ата-аналарды ата-ана құқықтарынан айыру немесе шектеу туралы, ұл бала (қыз бала) асырап алу туралы шешімнің күшін жою немесе жарамсыз деп тану туралы мәліметтер келіп түскенде, мұндай тоқтата тұруға негіз болып табылатын мән-жай басталған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатыла тұрады.

Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аударуды тоқтата тұруға негіз болып табылатын мәліметтермен толықтырылған істің электрондық макетін дайындау және субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аударуды тоқтата тұру туралы электрондық шешімнің жобасын бекіту осы Қағидалардың 11-15-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 18-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аударуды қалпына келтіру бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушы тоқтата тұру негіздемесіне байланысты мынадай құжаттардың біреуін:

1) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылу фактісін растайтын анықтаманы;

2) тұрғылықты тұратын жері бойынша тіркелу фактісін растайтын мәліметтерді;

3) баланы (балаларды) асырап алу және/немесе балаға қамқоршылық тағайындау туралы құжатты ұсынған кезде осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімі негізінде бала бір жарым жасқа толған күннен кешіктірмей жүзеге асырылады.

Міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялауды қалпына келтіру мұндай тоқтата тұруға негіз болып табылған мән-жай тоқтатылған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап, ал баланы (балаларды) асырап алған және/немесе балаға қамқоршы тағайындалған жағдайда баланы (балаларды) асырап алу туралы соттың шешімі заңды күшіне енген күннен бастап немесе қамқоршы тағайындалған күннен бастап жүргізіледі.

Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аударуды қалпына келтіруге негіз болып табылатын мәліметтермен толықтырылған істің электрондық макетін дайындау және субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аударуды қалпына келтіру туралы электрондық шешімнің жобасын бекіту осы Қағидалардың 11, 12, 13, 14 және 15-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 19-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.08.2019 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аудару:

1) бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем Заңның 28-бабына сәйкес тоқтатылған;

2) егер бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерден ұсталатын міндетті зейнетақы жарналарының мөлшері Заңның 15-бабына сәйкес әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа айлық табыстың он пайызынан асқан;

3) Заңның 10-бабының 12) тармақшасына сәйкес орталық атқарушы орган бекітетін Әлеуметтік төлемдердің мөлшерлерін есептеу (айқындау), Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін әлеуметтік төлемдерді тағайындау, қайта есептеу, тоқтата тұру, қайта бастау, тоқтату және жүзеге асыру қағидаларына сәйкес Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тоқтату туралы мәліметтер келіп түскен жағдайларда тоқтатылады.

Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аудару осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органның шешімі негізінде тоқтатылады.

Бұл ретте субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аудару мұндай тоқтатуға негіз болып табылатын мән-жай туындаған айдан кейінгі айдың бірінші күнінен бастап тоқтатылады.

Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аударуды тоқтатуға негіз болып табылатын мәліметтермен толықтырылған істің электрондық макетін дайындау және субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аударуды тоқтату туралы электрондық шешімнің жобасын бекіту осы Қағидалардың 11, 12, 13, 14 және 15-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

Ескерту. 20-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 02.04.2020 № 121 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4-тарау. Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аудару тәртібі

Ескерту. 4-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.08.2019 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Уәкілетті орган қабылдаған міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу туралы шешімдердің негізінде субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аудару үшін істердің электрондық макеттерін ОДҚ-ға қоюды Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесі жүзеге асырады.

22. Міндетті зейнетақы жарналарын бюджеттік субсидиялау мөлшерін белгілеу туралы уәкілетті органның шешімі негізінде Мемлекеттік корпорация бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне (бұдан әрі – Министрлік) ай сайын төлем айының алдындағы айдың 25-күніне міндетті зейнетақы жарналарын бюджеттік субсидиялаудың белгіленген мөлшерін төлемге қажетті бюджет қаражатына қосуды қамтамасыз етеді.

Төлем айына қажеттілікті қалыптастырғаннан кейінгі сомалар одан кейінгі айдың қажеттілігіне қосуға жатады.

Мемлекеттік корпорация бөлімшелерінің қызметкерлері ОДБ-да алушылардың қайтыс болуына, шығуына, төлемнің тоқтатыла тұруына, тоқтатылуына байланысты қажеттілік сомаларын азаю жағына түзетуді күн сайын жүргізеді.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 21.08.2019 № 443 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

23. Министрлік тиісті кезеңге төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспары шегінде міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау үшін қажетті бюджет қаражаты туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне жібереді.

24. Министрлік міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялауға бюджет қаражатының қажеттілігіне сәйкес төлемдер бойынша қаржыландырудың жеке жоспарында есепті кезеңге көзделген сомалар шегінде Мемлекеттік корпорацияға бюджет қаражатын аударуды жүзеге асырады.

25. Мемлекеттік корпорация міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялауға арналған бюджет қаражатын алып, төлем тапсырмаларын қалыптастырады және субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын кейіннен Қордан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушының дербес зейнетақы шотына есептеу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына аударады.

Бұл ретте, субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аудару тиісті кезең (ай (айлар) және жыл) көрсетіле отырып, Қордан бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді төлеген айдан кейінгі айдың 25-күніне дейін жүзеге асырылады.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Ақпараттық жүйелерде бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушының тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні өзгерген жағдайда ОДҚ-да автоматты режимде өзгерістер жүргізіледі.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27. Қаражат артық аударылған немесе субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарының мөлшерін белгілеу және оларды аудару кезінде жіберілген қателіктер табылған жағдайда Мемлекеттік корпорацияның филиалы қате аударылған, субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруға өтінімді 11-қосымшаға сәйкес электрондық түрде Мемлекеттік корпорацияға жібереді.

28. Мемлекеттік корпорация қате аударылған, субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруға электрондық түрдегі өтінімді бес жұмыс күні ішінде қалыптастырады. Өтінімде: салымшының (бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді алушының) деректемелері: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі, қайтаруға жататын міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидияларының мөлшері және қайтару себебі көрсетіледі.

Ескерту. 28-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.12.2022 № 528 (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Мемлекеттік корпорация қате аударылған, субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруға өтінімді ақпаратты тасымалдаудың автоматтандырылған қаржы жүйесін пайдалана отырып, зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамада көзделген тәртіппен бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына электрондық түрде жібереді.

30. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры электрондық түрде Мемлекеттік корпорациядан қате аударылған, субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруға өтінімді алысымен, оны алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде Мемлекеттік корпорация өтінімінің нөмірі мен күнін көрсете отырып, қате аударылған, субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын Мемлекеттік корпорацияға қайтаруды жүзеге асырады.

31. Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры қате аударылған, субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруды Мемлекеттік корпорацияның қате аударылған, субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын қайтаруға электрондық түрдегі өтінімде көрсетілген субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына іс жүзінде енгізілген номиналды сомасы бойынша Мемлекеттік корпорацияның банк шотына жеке тұлғалардың тізімдерін қоса бере отырып төлем тапсырмасымен жүргізеді.

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан бала бір жасқа
толғанға дейін оның күтіміне
байланысты табысынан айырылған
жағдайда төленетін әлеуметтік
төлемдерді алушыларға міндетті
зейнетақы жарналарын
субсидиялау қағидаларына
1-қосымша

Нысан

Коды _____

Облыс (қала) _____

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көпі-қон комитетінің

_____ облысы (қаласы) бойынша департаментінің

20__ ж. "___" _____ № _____ **шешімі**

Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының
мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту) туралы

1. "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" 2013
жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңы 25-бабының 2-1)
тармақшасына сәйкес міндетті зейнетақы жарналарының ай сайынғы
бюджеттік субсидиясының мөлшері 20__ ж. "___" _____ бастап

20__ ж. " __ " _____ қоса алғанда _____
_____ теңге сомасында белгіленсін.

(сомасы цифрлармен және жазбаша)

Тегі _____

Аты _____

Әкесінің аты (бар болса) _____

ЖСН _____

Туған күні _____

(күні, айы, жылы)

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан
айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемді тағайындауға жүгінген
күн 20__ ж. " __ " _____

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан
айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлем тағайындалған күн 20__
ж. " __ " _____

Әлеуметтік аударымдарды есептеу объектісі ретінде ескерілген орташа
айлық табыстың мөлшері _____ ж. бастап _____ ж. қоса алғанда
_____ (_____) теңге
(сомасы жазбаша)

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан
айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнің тағайындалған
мөлшері _____ ж. бастап _____ ж. қоса алғанда
_____ (_____) теңге
(сомасы жазбаша)

Бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан
айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемнен ұсталатын міндетті
зейнетақы жарналарының мөлшері _____ ж. бастап _____ ж. қоса
алғанда _____ (_____) теңге
(сомасы жазбаша)

2. _____

(негіздеме: себебі көрсетілсін)

себебі бойынша міндетті зейнетақы жарналарының ай сайынғы бюджеттік

субсидиясының мөлшерін белгілеуден бас тартылсын.

Департамент басшысы _____ (Т.А.Ә.)

Басқарма (бөлім) басшысы _____ (Т.А.Ә.)

Маман _____ (Т.А.Ә.)

Шешімнің жобасын дайындаған:

Мемлекеттік корпорацияның жауапты адамдары

_____ (Т.А.Ә.)

_____ (Т.А.Ә.)

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан бала бір жасқа
толғанға дейін оның күтіміне
байланысты табысынан айырылған
жағдайда төленетін әлеуметтік
төлемдерді алушыларға міндетті
зейнетақы жарналарын
субсидиялау қағидаларына
2-қосымша

Нысан

**Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік
субсидиясының мөлшерін белгілеу туралы**

№ _____ хабарлама

20__ ж. "___" _____

Азамат (ша) _____

_____ (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса))

Туған күні _____ ж. "___" _____

Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін
белгілеу туралы 20__ ж. "___" _____ № _____ шешім

Міндетті зейнетақы жарналарының ай сайынғы бюджеттік субсидиясының
мөлшері 20__ ж. бастап _____

(_____) теңгені құрайды.

(сомасы сандармен және жазбаша)

Хабарлама жауапты адамның ЭЦҚ-сымен куәландырылған

_____ (жауапты адамның лауазымы және Т.А.Ә.)

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан бала бір жасқа
толғанға дейін оның күтіміне
байланысты табысынан айырылған
жағдайда төленетін әлеуметтік
төлемдерді алушыларға міндетті

Нысан

**Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының
мөлшерін белгілеуден бас тарту туралы**

№ _____ хабарлама

20__ ж. "___" _____

Азамат(ша) _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні _____ ж. "___" _____.

Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін
белгілеуден бас тартылды: _____

_____ (негіздеме: себебі көрсетілсін)

Хабарлама жауапты адамның ЭЦҚ-сымен куәландырылған

— (жауапты адамның лауазымы және Т.А.Ә.)

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан бала бір жасқа
толғанға дейін оның күтіміне
байланысты табысынан айырылған
жағдайда төленетін әлеуметтік
төлемдерді алушыларға міндетті
зейнетақы жарналарын
субсидиялау қағидаларына
4-қосымша

Нысан

**Міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының
мөлшерін аударуды тоқтата тұру туралы**

№ _____ хабарлама

20__ ж. "___" _____

Азамат (ша) _____

— (тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Туған күні _____ ж. "___" _____

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорындағы Сіздің жеке зейнетақы
шотыңызға міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясын

аудару

(негіздеме: себебі көрсетілсін)

себебі бойынша тоқтатылды.

Осыған байланысты Сіз тұрғылықты жеріңіз бойынша Мемлекеттік корпорацияның бөлімшесіне мынадай құжаттарды ұсынуыңыз қажет:

(құжаттар көрсетілсін)

Хабарлама жауапты адамның ЭЦҚ-сымен куәландырылған

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларына 5-қосымша

Нысан

Хабарламалар журналы

(төлемнің түрі)

Мемлекеттік корпорацияның _____ бөлімшесі бойынша

Р/с №	ЖСН	Т.А.Ә.	Туған күні	Істің №	Төлемнің түрі	Хабарлама табысталған күн	Телефон №	Маман

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларына 6-қосымша

Нысан

sms-хабарлар журналы

(төлемнің түрі)

Мемлекеттік корпорацияның _____ бөлімшесі бойынша

Р/с №	ЖСН	Т.А.Ә.	Туған күні	Істің №	Төлемнің түрі	sms-хабар берілген күн	Телефон нөмірі	Маман

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан бала бір жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты табысынан айырылған жағдайда төленетін әлеуметтік төлемдерді алушыларға міндетті зейнетақы жарналарын субсидиялау қағидаларына 7-қосымша

Нысан

Коды _____

Облыс (қала) _____

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көпі-қон комитетінің

_____ облысы (қаласы) бойынша департаментінің

20__ ж. " __ " _____ № _____ шешімі

Субсидиялауға жататын _____ теңге

(сомасы сандармен және жазбаша)

сомасындағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару 20__ ж. " __ " _____ бастап тоқтатылсын

Тегі _____

_____ Аты _____

_____ Әкесінің аты (бар болса) _____

ЖСН _____

_____ Туған күні _____

_____ Негіздеме _____

_____ _____

_____ (себебі көрсетілсін)

) Департамент басшысы _____ (Т.А.Ә.)
) Басқарма (бөлім) басшысы _____ (Т.А.Ә.)
Маман _____ (Т.А.Ә.)
) Шешімнің жобасын дайындаған:
Мемлекеттік корпорацияның жауапты адамдары
_____ (Т.А.Ә.)
)

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан бала бір жасқа
толғанға дейін оның күтіміне
байланысты табысынан айырылған
жағдайда төленетін әлеуметтік
төлемдерді алушыларға міндетті
зейнетақы жарналарын
субсидиялау қағидаларына
8-қосымша

Нысан
Коды _____
Облыс (қала) _____

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көпші-қон комитетінің
_____ облысы (қаласы) бойынша департаментінің
20__ ж. "___" _____ № _____ шешімі

Субсидиялауға жататын _____ теңге
(сомасы сандармен және жазбаша)
сомасындағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару 20__ ж. "___"
_____ бастап 20__ ж. "___" _____ дейін қалпына келтірілсін
Тегі _____

— Аты _____

— Өкесінің аты (бар болса) _____
ЖСН _____

— Туған күні _____

— Негіздеме _____

—

_____ (себебі көрсетілсін)
Департамент басшысы _____ (Т.А.Ә.)
)
Басқарма (бөлім) басшысы _____ (Т.А.Ә.)
Маман _____ (Т.А.Ә.)
)
Шешімнің жобасын дайындаған:
Мемлекеттік корпорацияның жауапты адамдары
_____ (Т.А.Ә.)
)

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан бала бір жасқа
толғанға дейін оның күтіміне
байланысты табысынан айырылған
жағдайда төленетін әлеуметтік
төлемдерді алушыларға міндетті
зейнетақы жарналарын
субсидиялау қағидаларына
9-қосымша

Нысан

АНЫҚТАМА

Төлеушінің атауы _____

— Бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) немесе жеке сәйкестендіру нөмірі
(ЖСН) және міндетті зейнетақы жарналарын төлеушінің орналасқан жері

— Қызметкердің Т.А.Ә. _____

— Қызметкердің жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) _____
Бала күтімі бойынша жалақы сақталмайтын демалыс туралы бұйрықтың
нөмірі және күні

— _____ 10 % міндетті зейнетақы жарналарын аудару
(кезеңі (ай, айлар) көрсетілсін)

—

(негіздеме көрсетілсін: сыйлықақы, материалдық көмек берілді және т.б., еңбек қызметі қалпына келтірілді және басқалар) негіздемесі бойынша _____

(төлем тапсырмасының күні және нөмірі көрсетілсін)

сәйкес 20__ ж. _____ жүргізілді.

Анықтама Мемлекеттік корпорацияға тапсыру үшін берілді

Мөрдiң орны

Басшы _____

(қолы) Т.А.Ә.

Бас бухгалтер _____

(қолы) Т.А.Ә.

Берілген күні: 20__ жылғы " __ " _____

Ескертпе: Мен _____

(қызметкердің Т.А.Ә.)

Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын аударуға қажетті менің дербес деректерімді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Sms-хабар арқылы, телефон байланысы арқылы міндетті зейнетақы жарналарының бюджеттік субсидиясының мөлшерін белгілеу (белгілеуден бас тарту, аударуды тоқтата тұру) туралы хабарламаға келісім беремін.

Ұялы телефон нөмірі _____

Күні _____ Өтініш берушінің қолы _____

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан бала бір жасқа
толғанға дейін оның күтіміне
байланысты табысынан айырылған
жағдайда төленетін әлеуметтік
төлемдерді алушыларға міндетті
зейнетақы жарналарын
субсидиялау қағидаларына
10-қосымша

Нысан

Коды _____

Облыс (қала) _____

Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің

_____ облысы (қаласы) бойынша

департаментінің

20__ ж. " __ " _____ № _____ шешімі

Субсидиялауға жататын _____
теңге
(сомасы сандармен және жазбаша)
сомасындағы міндетті зейнетақы жарналарын аудару 20__ ж. "___" _____
бастап тоқтатылсын.

Тегі _____

— Аты _____

— Әкесінің аты (бар болса) _____

ЖСН _____

— Туған күні _____

— Негіздеме _____

— _____

— (себебі көрсетілсін)

Департамент басшысы _____ (Т.А.Ә.
)

Басқарма (бөлім) басшысы _____ (Т.А.Ә.)

Маман _____ (Т.А.Ә
)

Шешімнің жобасын дайындаған:
Мемлекеттік корпорацияның жауапты адамдары
_____ (Т.А.Ә.
)

Мемлекеттік әлеуметтік
сақтандыру қорынан бала бір жасқа
толғанға дейін оның күтіміне
байланысты табысынан айырылған
жағдайда төленетін әлеуметтік
төлемдерді алушыларға міндетті
зейнетақы жарналарын
субсидиялау қағидаларына
11-қосымша

Нысан

**Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарының
қате аударылған сомаларын қайтаруға филиалдың өтінімі
Мемлекеттік корпорация басшысына**

1. Субсидиялауға жататын міндетті зейнетақы жарналарын төлеушінің
деректемелері:

Атауы _____

БСН (01.01.2013 ж. кейінгі төлемдер бойынша) _____

СТН (01.01.2013 ж. дейінгі төлемдер бойынша) _____

БЖК _____

ЖБК _____

2. Қателер жіберілген төлем тапсырмасының деректемелері

№ _____ күні " _____ " _____ 20 _____ жыл

Төлем тапсырмасының жалпы сомасы _____

3. Салымшының деректемелері _____

(Т.А.Ә., туған күні)

Салымшының ЖСН _____

Салымшы жарнасының сомасы, кезеңі _____

Қайтарылуға тиіс сома, кезеңі _____

4. _____

байланысты кейінгі төлемдермен түзету мүмкіндігі жоқ.

Қайтаруды мынадай деректемелер бойынша жүргізуді сұраймыз:

(кәсіпорынның толық деректері, барлық банк деректемелері көрсетіледі)

(басшының қолы) _____

(бас бухгалтердің қолы) _____

М.О. _____

(күні)

